

Оңтүстік Қазақстан облысының білім басқармасы
Мақтарал аграрлық колледжі



Академиялық адалдық сақтау ережесімен таныстыру

Атакент, 2018ж



Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Батырханова бірінші курс оқушыларын академиялық адалдық сақтау ережесімен таныстырды.



«Оқушылардың құқығы мен міндеттері»
Бірінші курс студенттерімен өткізілген жиналыстың
хаттамасы

Х а т т а м а №1

Қатысқандар: 350 оқушы

01.09.2018ж.

Күн тәртібі:

1. **Тарихы терең елде тағылым мол.** Колледж тарихы және ағымдағы тынысы жайлы видеоролик көрсету.
2. **«Оқушылардың құқығы мен міндеттері».** Колледждің ішкі тәртіп ережелерімен таныстыру.

ТЫНДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша оқушыларға «Тарихы терең елде тағылым мол» атты колледж тарихы және ағымдағы тынысы жайлы видеоролик көрсетілді.

Екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Батырханова оқушыларды колледж әкімшілігімен таныстырды.

Жиын барысында «Оқушылардың құқығы мен міндеттері» жайлы мағлұмат берілді. Оқушыларға құқықтары мен міндеттері жайлы түсінік берілді. Оқушыларға үлкенді сыйлауға, өмірге көзқарастарын тың мәліметтермен толықтыруға, тапсырманы орындауда ыждағаттылыққа, басқалардың балалық шағымен өз өмірін салыстырып, өмірге, адамдар арасында болатын түрлі жағдайларға баса назар аударуға, әдептіліктен аттамай, колледж туын жоғары ұстауға ундеу салынды.

А.Батырханова бірінші курс оқушыларын академиялық адалдық сақтау ережесімен таныстырды.

Жиналыс сонында Жастар ісі комитетінің төрағасы Б. Алмабеков бүгінгі Қазақстандық жастардың сенімі мен жауапкершілік мүдесінен шығуға мүмкіндіктері бар екенін айта кетіп, жастар қоғам белсенділігінің негізгі құраушысы екендігін ескеріп, салауатты қоғам болу үшін өз құқықтары мен бостандықтарын Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленгендей пайдалануға және де Қазақстан Республкасындағы мемлекеттік жастар саясатын толық жүзеге асыру үшін атсалысу керек деп өз сөзін аяқтады.

Жиналыс барысында қойылған сұрақтарға тиісті нақтылай жауаптар қайтарылып, өз дәрежесінде өтті.

Қаулы:

1. Жасөспірімдер арасында құқықтық сауаттылықты, оның ішінде бала құқығы жөнінде түсінігін кеңейту мақсатында колледжде қажетті шараларды жүйелі жүргізу және жандандыру.
2. Академиялық адалдықтың сақталуын қадағалау пән оқытушыларына жүктелсін.

Жиналыс төрайымы:
Хатшы:



А. Батырханова
Ж. Арынова